

Келісілді

Қарағанды облысы білім
басқармасының басшысы

С. Ғұзат Г.Жунусова
«15» 03 2024 жыл



Бекітемін

Қарағанды облысында
білім беруді дамытудың
оку-әдістемелік орталығы
басшысы

Б.Абдикерова
«19» 03 2024 жыл



Облыстық әдістемелік десанттың қызметі туралы ЕРЕЖЕ

Облыстық әдістемелік десанттың қызметі туралы ереже «Мәдениет саласындағы білім беру үйымдарын қоспағанда, білім беру үйымдарында оку-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты үйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы № 253 бұйрығына сәйкес білім беру үйымдарына үйым бойынша қажетті консультациялық көмек көрсету, мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сәйкес білім беру саласындағы проблемалық мәселелер бойынша оку-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмысы және уақтылы шешімдер қабылдау мақсатында әзірленді

Ереже 2024 жылғы 19 наурыздағы «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оку-әдістемелік орталығы» КМҚҚ әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды, №2 хаттама.

1. Жалпы ережелер

1.1. Әдістемелік десант – білім беру үдерісін үйимдастыру және іске асыру кезінде барлық түрдегі және типтегі білім беру үйимдары басшыларының, басшылардың орынбасарларының, педагогтердің кәсіби қындықтарын анықтауға, педагогикалық ұжымның кәсіби құзыреттілігін арттыру жөніндегі жұмыс бағытын анықтауға, ұжымда рефлексивті-талдамалық қызмет үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретін білім беру сапасын арттыру жөніндегі әдістемелік жұмыстың жаңа нысаны.

1.2. Әдістемелік десант өз жұмысында Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрлігінің Қазақстан Республикасының Білім саласындағы қолданыстағы заңнамасын, Қарағанды облысының білім басқармасының нормативтік актілерін және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Әдістемелік десанттың бастамашылары мынадай субъектілер бола алады:

- Қарағанды облысында білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының басшысы;
- білім беру үйимдарының басшылары;
- кәсіби педагогикалық қауымдастықтардың (қауымдастықтардың, облыстық әдістемелік бірлестіктердің) басшылары.

1.4. Әдістемелік десантқа қатысуышылар: оқу-әдістемелік орталықтың басшысы, басшының орынбасарлары, бөлім басшылары, әдіскерлері.

1.5. Білім беру үйимдарының қызметіне мониторинг, диагностика және талдау жүргізу кезінде әдістемелік десант уақыт кезеңін - 3 жылды қамтиды.

1.6. Әдістемелік десанттың нәтижелері бойынша ұсыныстар беріледі.

2. Мақсаттары, міндеттері және пәні

2.1. Әдістемелік десанттың мақсаты-оку-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдарына пәрменді әдістемелік көмек және қолдау көрсету.

2.2. Әдістемелік десанттың міндеттері:

- білім беру ұйымының нормативтік құжаттардың орындалуына және құжаттаманың жүргізілуіне мониторинг жүргізу;
- оқу-тәрбие үдерісінің сапасына, іс-шараларды өткізуге мониторинг жүргізу;
- білім беру саласындағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, ғылыми-технологиялық даму үдерістерімен қойылатын талаптар деңгейінің қазіргі педагогикалық теориясы мен практикасына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында педагогтердің сапалық құрамына, кәсіби шеберлік деңгейіне мониторинг жүргізу;
- оқу үдерісінің сапасын талдау;
- үлгерімі тәмен білім алушылармен жұмыс және білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмысты талдау;
- дарынды білім алушылармен жұмысты талдау, олардың облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадаларға, байқаулар мен ғылыми жобаларға қатысуы;
- жаңа білім беру технологияларын қолдана отырып, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік көмек көрсету;
- білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығының кәсіби қындықтары бойынша әдістемелік семинарлар, шеберлік сыныптар ұйымдастыру және өткізу.

2.3. Әдістемелік десанттың мәні білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауы болып табылады.

3. Әдістемелік десантты жүзеге асыру нысандары

3.1. Әдістемелік десант – бұл басшыларды, педагогтерді, білім беру ұйымдарын олардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіру бойынша әдістемелік қолдаудың мынадай нысандарда жүзеге асырылатын тиімді практикасы:

1. консультациялық: білім беру ұйымдары басшылары мен педагогтерінің кәсіби қындықтары мәселелері бойынша жеке және топтық консультациялар;

2. диагностикалық:

- басшылар мен педагогтердің кәсіби қындықтарын, сондай-ақ олардың білім беру қажеттіліктерін анықтау;
- білім беру ұйымының құжаттаманы жүргізуіне мониторинг жүргізу;
- білім беру ұйымдары әкімшілігі мен педагогтерінің сапалы құрамын талдау;
- педагог лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарының сақталуын талдау;
- оқу-әдістемелік кешендермен, оқитын, ғылыми және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етуді талдау;

3. әдістемелік:

- семинарлар, семинар-практикумдар, шеберлік сыныптар, дәңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізу;
- әдістемелік күндер өткізу;
- білім беру ұйымдары педагогтері мен білім алушыларының жобалық және ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыруды талдау;
- білім беру ұйымының әдістемелік кеңесінде бекітілген әдістемелік өнімнің сапасын талдау;
- мектепішілік бақылау жоспарын іске асыруды талдау;
- оку үдерісінде заманауи инновациялық технологияларды пайдалану тиімділігін талдау;

4. Ұйымдастырушылық-педагогикалық:

- сабактарға/жаттығуларға, педагогтердің сабактан тыс іс-шараларына қатысу, сабактарға/жаттығуларға талдау жасау;
- білімін тексеру бойынша кескіндер өткізу, оқыту сапасын талдау;
- мақсаты кәсіби шеберлікті арттыру және озық педагогикалық тәжірибелі жалпылау болып табылатын функционалдық сауаттылық апталарын ұйымдастыру және өткізу;
- педагогтердің шығармашылық және проблемалық топтарының жұмысын ұйымдастыру, жас педагогтермен жұмыс;
- жоспарланған нәтижелерге қол жеткізу және типтік қателіктерді пысықтау мәселелері бойынша педагогтерге атаулы практикалық-бағдарланған әдістемелік көмек көрсету.

3.2. Әдістемелік десант оку-тәрбие үдерісін бақылауға және жақсартуға байланысты басқару міндеттерін іске асыру кезінде білім беру ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсетуге арналған.

Әдістемелік сүйемелдеу нысандары 6 бағыт болып табылады:

- 1) Заңнаманың талаптарына сәйкес нормативтік құжаттардың орындалуын және құжаттаманың жүргізілуін бақылау;
- 2) Оку үдерісінің сапасын бақылау;
- 3) Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмысты және үлгерімі төмен адамдармен жұмысты бақылау;
- 4) Оку-зерттеу қызметі;
- 5) Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік даярлығының жай-күйін бақылау;
- 6) Тәрбие үдерісін бақылау, іс-шаралар өткізу.

4. Әдістемелік десантқа қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Әдістемелік десант мүшелерінің құқығы бар:

- 1) білім беру ұйымының аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге (кабинеттері, зертханалары және т.б.);
- 2) құжаттарды (мәліметтерді) қағаз және электрондық жеткізгіштерде не анықтамаға қосу үшін көшірмелерді алуға, сондай-ақ тексерудің міндеттері мен нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (ақпараттық жүйелерге) қол жеткізуге;
- 3) сабактарға/жаттығуларға және сабактан тыс іс-шараларға қатысуға;
- 4) білім алушылардың білімдерін тексеру бойынша кескін өткізуге міндетті.

4.2. Әдістемелік десант мүшелері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен занды мұddeлерін сақтауға;
- 2) педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде және оған қатаң сәйкестікте тексерулер жүргізуге;
- 4) әдістемелік десантты жүзеге асыру кезеңінде білім беру ұйымдарының белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмеуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына
- 6) зерделеу және талдау пәніне қатысты қажетті ақпаратты беруге;
- 7) әдістемелік десанттың қорытындылары туралы ұсынымдармен және нәтижелерді талдаумен анықтама беруге міндettі.

4.3. Әдістемелік десант мүшелеріне тексеру нысанасына жатпайтын талаптар қоюға және өтініштер жасауға тыйым салынады.

4.4. Әдістемелік десантты жүзеге асыру кезеңінде білім беру ұйымдарының құқығы бар:

- 1) жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- 2) егер олар әдістемелік десанттың нысанасына жатпаса немесе осы Ережеде көрсетілген кезеңге жатпаса, мәліметтер бермеуге;
- 3) әдістемелік десанттың іс-шараларын өткізу кезінде қатысуға;

4.5. Білім беру ұйымдары әдістемелік десантты жүзеге асыру кезінде:

- 1) Әдістемелік десант мүшелерінің білім беру ұйымының аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;
- 2) Әдістемелік десант мүшелеріне тексеру нәтижелері туралы актіге қосу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ әдістемелік тапсырмалар мен нысанага сәйкес автоматтандырылған дерекқорларға (акпараттық жүйелерге) қол жеткізуді ұсынуға;
- 3) әдістемелік десанттың нысанасына қатысты қажетті ақпаратты беруге міндettі.

5. Әдістемелік десанттың жұмысын ұйымдастыру

5.1. Әдістемелік десант оқу-әдістемелік орталық басшысының орынбасарларынан, бөлім басшыларынан, әдіскерлерінен қуралады.

5.2. Әдістемелік десанттың құрамы білім беру ұйымының сұранысы негізінде айқындалады және оқу-әдістемелік орталық басшысының бүйрығымен бекітіледі.

5.3. Әдістемелік десанттың жұмысы оқу жылына арналған оқу-әдістемелік орталықтың басшысы бекітken кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қорытынды ережелер

Облыстық әдістемелік десанттың қызметі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстарды Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы енгізеді және бекітеді.